

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 24 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Өздеріңізге белгілі, 20 қарашада елімізде Президент сайлауы өтті. Мемлекетіміз үшін аса маңызды кезеңде халық өз таңдауын жасап, дауыс берді.

Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын жариялады. Сайлаушылардың 81,31 пайызы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа дауыс берді. Осылайша ел азаматтары Мемлекет басшысының стратегиялық бастамалары мен әділетті Қазақстан құру мақсатына бірауыздан қолдау білдірді.

Сайлаудың ашық әрі әділ өтуі үшін барлық тиісті жағдай жасалды. Отандық және халықаралық байқаушылар сайлаудың ұлттық заңнамалар мен осы бағыттағы халықаралық стандарттарға сай өткенін мәлімдеді. Жалпы, бұл сайлау Қазақстанның дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айғақтайды.

Енді алдымызда Президентіміз айқындап берген маңызды міндеттерді іске асыру жолындағы ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан бәріміз бірге сайлау алдындағы бағдарламада көрсетілген басымдықтарды табысты жүзеге асыруымыз қажет. Осы бағытта бірлесіп нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Құрметті әріптестер, енді жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді.

Негізгі тәсілдер.

Бірінші блок – еңбекақы қорына жүктемені азайту.

Мемлекет басшысы өткен жылы Қазақстан халқына Жолдауында жиынтық жүктемені азайта отырып микро және шағын бизнес үшін еңбекақы төлеу қорынан алынатын бірыңғай төлемді енгізуді тапсырған болатын.

Қазіргі уақытта еңбекақы қорының ставкалары, есептеу базалары әртүрлі бірнеше төлемдер төленеді. Бұл төлемдерді бір төлемге біріктіру ұсынылады. Әлеуметтік аударымдар мөлшері қызметкерлерге төленетін болашақ төлемдерге әсер ететіндіктен жүктемені жеке табыс салығы есебінен төмендету көзделіп отыр. Бірыңғай ставка міндетті зейнетақы жарналарын енгізуді және әлеуметтік аударымдар ставкаларының өсуін ескеретін болады.

Төлемді арнаулы салық режиміндегі микро және шағын бизнес субъектілері ерікті негізде қолданатын болады. Сома бірыңғай жиынтық төлем тетігіне ұқсас бөлінеді. Осылайша бірыңғай төлем салықтары мен еңбекақы төлемдерін есептеуді жеңілдетіп қана қоймай, салық жүктемесін азайтуға да мүмкіндік береді.

Түзетулердің екінші блогы салалық заңнамалардағы өзгерістермен байланысты.

Конституциялық Соттың құрылуына байланысты Конституциялық Сотқа жүгінген кездегі мемлекеттік бажды белгілеу және халықтың әлеуметтік осал топтарын босату ұсынылады.

Келесі норма жер қойнауын пайдалану саласына қатысты. 2024 жылдан бастап мемлекеттік баланста жүргізу тоқтатылады, қорлар жаңа жүйе бойынша бағаланатын болады. Осыған байланысты пайдалы қазбаларды өндіру салығын салу объектісін өзгерту ұсынылады.

Түзетулердің келесі үшінші блогы отандық тауар өндірушілерді ынталандыруға бағытталған.

Балық аулау кәсіпорындарына балықты қайта өңдеу кезінде қосылған құн салығын 70 пайызға азайту туралы норма ұсынылады. Қазір мұндай жеңілдікті балық өсіруші қожалықтар қолданады.

Қант өндірісін ынталандыру үшін шикі қант импортын қосылған құн салығынан босату, сондай-ақ қант өндірушілер үшін қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктің қолданылу мерзімін ұзарту ұсынылады.

Келесі норма тазартылған алтынды сатуға қатысты. Қазір Ұлттық Банкке мұндай алтынды сатуда қосылған құн салығынан босатылады. Осы норманы алтынды сату кезінде зергерлерге де қолдану ұсынылады.

Сондай-ақ электр желілерін ірілендіру мәселесі шешіледі. Энергия беруші ұйымның электр желілерін өтеусіз алуы кезінде салық міндеттемелерінің туындауын болдырмау ұсынылады.

Түзетулердің төртінші блогы көлік жүйесін одан әрі дамыту шараларын көздейді.

Темір жол көлігі саласында нөлдік тарифті қолдана отырып, жолаушы тасымалдаушыларына магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсету кезінде сатып алу мәселелерін реттеу көзделген.

Азаматтық авиация саласында сертификаттар бергені үшін алымдарды алып тастау бойынша нормалар енгізіледі. Өйткені қызметтерді өзін-өзі қаржыландыратын ұйым көрсетеді. Сондай-ақ транзиттік әуе кемелеріне жанармай құю кезінде қосылған құн салығының нөлдік ставкасын қолдануды кеңейту ұсынылады. Қазір жеңілдікті тек әуежайлар қолдана алады.

Автомобиль тасымалдарын дамыту үшін шығарылған жылы жеті жылдан аспайтын ершікті тартқыштарды бастапқы тіркеу үшін алымнан босату ұсынылады.

Мәселелердің бесінші блогы жеке тұлғалардың төлемдеріне қатысты.

Чек бермеу фактілері туралы хабарлағаны үшін сыйақы алу, ипотекалық кредит бойынша берешекті есептен шығару, жалдау құнын төмендету және тұрғын үйді жалға алуға бюджеттік субсидиялар, алған кездегі салықтық тәуекелдер алып тасталады. Бұдан басқа салықтық әкімшілендіруді оңайлату, сондай-ақ нақтылау және редакциялық сипаттағы нормалар ұсынылады.

Бұл негізгі өзгерістер.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Президент «көлеңкелі экономиканың» көлемі ішкі жалпы өнімнің үштен біріне тең екенін айтқан болатын. Бұл ресми мәлімет. Сарапшылардың ресми емес мәліметтері бойынша «көлеңкелі экономика» одан да жоғары, 50 пайыз деген болжам бар, егер бұл дерек шындыққа жанасатын болса 20 триллион ақша «көлеңкелі» айналымда жүр деген сөз. Ол қаржы ашық айналымға шықса бюджеттің де табысы артып, біраз мәселені шешкен болар еді. «Көлеңкелі экономикаға» қарсы күрестің ең тиімді, дамыған елдерде тәжірибеден өткен тәсілі – цифрлы технологияларды мейлінше көп пайдалану. Бұл бағытта елімізде біраз жұмыс жасалып жатыр. Сонымен қатар шетелдерде бұдан бөлек мынадай әдістер қолданылады, мысалы, көптеген елдерде әрбір сатып алушыға дүкендерден шыққаннан кейін қосымша құн салығына екі пайызын бонус ретінде қайтарып береді. Бұл Европа елдерінде де бар.

Осыған байланысты сұрақ: фискалды түрде бекітілген қол ақшаны «көлеңкеден» шығаруға министрлік тарапынан келешекте қандай шаралар қолға алынбақшы?

Екінші сұрақ. 1995 жылы Салық кодексі қабылданғаннан бері 1 мың 200-ден астам түзету енгізілген. Бұл Қазақстан Парламенті тарихындағы ең көп өзгертілген нормалары бар кодекс. Сондықтан да кез келген кәсіпкерге түсінікті болу үшін барлық салық жүйесін нақты айшықтайтын жаңа Салық кодексін қашан қабылдайсыздар?

Үшінші сұрақ. Біз елге барып кәсіпкерлермен кездескен кезде олар алдағы уақытта 5 пайыздық зейнетақы жарнасын қосымша төлеуге міндеттеуге қатысты өздерінің

алаңдаушылығын білдіруде. Ертең бұл айлықты конвертпен беруге итермелеуге, не болмаса жұмысшылардың айлығын бес пайыз төмендетуге алып келуі мүмкін. Сондықтан да бұл бағытта бизнес қауымдастықпен әлі де болса ақылдасып, пысықтау керек сияқты. Осы саланың басшысы ретінде бұл мәселеге қатысты сіздің пікіріңіз қандай? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Мұрат Бақтиярұлы, сіздің көтерген мәселелеріңіз өте өзекті. Бірінші сұрақтан бастасақ, көлеңкелі экономиканы төмендету үшін біз тұрақты жұмыс атқарып жатырмыз. Біздің жоспарымызда бөлшек саудада бөлшек салық режимін кеңейту және ставкаларын төмендету шарасы тұр. Енді айналымға қарамастан, көлемге қарамастан тиісті шағын және орта бизнес субъектілері осындай режимге көшсе, онда олар қосымша құн салығын төлемейді. Біздің болжамымыз бойынша бұл шаралар жалпы көлеңкелі экономиканың үлесін төмендетуге мүмкіндік береді. Жалпы жаңа Салық кодексінің ішінде біз осы мәселені жан-жақты қарастырамыз.

Екінші сұраққа көшсек, сіз дұрыс айтып кеттіңіз, 1995 жылдан бастап Салық кодексіне өте көп өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Біз қазіргі Салық кодексінің жобасында тиісті тұрақтылық пен болжамдылық принциптерін қарастырамыз.

Айтып кететін жағдай, қазіргі қолданыстағы Салық кодексінде кейбір кезде осындай принциптер сақталады. Мысалы, инвестконтрактілер бойынша және СЭЗ-дарда инвесторларға тиісті тұрақтылық беріледі.

Болжамдылық бойынша айтып кетсем, өздеріңізге мәлім, тиісті ставкалар көтерілсе, жеңілдіктер алынып тасталса, онда осындай нормаларды келесі жылдан бастап енгізу үшін 1 шілдеге дейін қабылдау қажет.

Жалпы біз осы желтоқсаннан бастап жаңа Салық кодексі бойынша жұмысты өте белсенді атқарамыз. Біз өзіміз ол жұмыс тобында жұмыс істемейміз, бірақ қоғамдық өкілдермен, Парламент депутаттарымен, бизнеспен және шетел сарапшыларымен мұқият талқылап, өз үлесімізді қосамыз.

Үшінші сұраққа көшсек, зейнетақы төлемдері бойынша жұмыспен тиісті уәкілетті орган – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айналысады. Бірақ мен өз пікірімді айтып кетейін, біздің негізгі міндетіміз – бизнеске қосымша жүктеме салмау, бірақ тиісті зейнетақы төлемдерімен, жоғары зейнетақымен қамтамасыз ету.

Өздеріңіз білетіндей, ортақ сипаттағы (солидарный) зейнетақының бөлігі кезең-кезеңмен төмендетіліп жатыр. Жинақтаушы зейнетақы төлемдері, әрине, болашақта жетпейді. Сол себепті Үкімет осындай механизмді ұсынып отыр.

Жүктемеге қарасақ, ОЭСР елдерінің арасында, ЕАЭО елдерінің арасындағы ең төмені біздің ставка. Мысалы, ОЭСР бойынша салық төлеушіге орташа ставка 18 пайыз, Ресейде 22 пайыз.

Бірақ осындай қосымша төлемдерді қолдасақ, жалпы салықтық жүктемеге қарау керек. Біз жаңа Салық кодексін қалыптастырғанда осы мәселені пысықтайтын боламыз, себебі жалпы салықтық жүктеме төмендесе немесе одан да жеңіл болса, осы ставкаларды кезең-кезеңмен енгізуге болады. Жыл сайын ақырындап 1 пайыздық тармақты немесе 0,5 пайыздық тармақты қосып отыруға болады. Оның бәрін талқылаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, сіздер осы жаңа Салық кодексінің жобасын Парламентке енгізуді қашан жоспарлап отырсыздар?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Жалпыұлттық жоспар (ОНП) бойынша біздің мерзіміміз келесі жылдың қыркүйегі. Бірақ қазір талқылау барысында біздің сарапшылар, шетелдік сарапшылар оған ұзағырақ уақыт керек деп айтып жатыр. Дұрыстап дайындау үшін кем дегенде 1,5 жыл керек. Әрине, біз аталған мерзімдерді орындаймыз. Бірақ алдағы жарты жылдың ішінде біз өте белсенді жұмыс істеу керекпіз. Бұл жұмыс бойынша біз сіздерден де қолдау сұраймыз. Жан-жақты қарау керек. Қойылған тапсырма бойынша жаңа Салық кодексі 2024 жылдан бастап күшіне енсе жақсы болар еді.

ТӨРАҒА. Түсінікті. Бұл құжатпен жан-жақты жұмыс істеуіміз керек. Бұл асығыс қабылданатын заң болмау керек, оны ана жолы да айттық. Жан-жақты жұмыс істеп, Парламентке заң жобасы енгенше де біздің сенаторларды тартып, жұмыс тобына кіргізіп, ақылдасып, жобаны дайындауымыз керек.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Уважаемый Алибек Сакенович! Сегодня в Казахстане при относительно низкой ставке индивидуального подоходного налога в размере 10 процентов общая финансовая нагрузка на фонд заработной платы составляет 33,6 процента. При сегодняшней инфляции и увеличении цен на продовольственные товары это не лучшим образом сказывается на доходах граждан.

В Казахстане 75 платежей в бюджет и внебюджетные фонды. Планируется ввести еще два вида – обязательные пенсионные взносы работодателя и индивидуальный подоходный налог с дивидендов.

Вносимые законопроектом поправки предусматривают введение с 2023 года единого платежа с заработной платы субъектов микро- и малого предпринимательства, применяющих специальные налоговые режимы.

Ставку единого платежа предлагается установить в размере 20 процентов в 2023 году и постепенно увеличить ее до 26,3 процента к 2028 году ввиду увеличения в будущем роста ставок социальных отчислений. Вместе с тем индивидуальный подоходный налог плательщиков будет уменьшен с 9 до 6,9 процента к 2028 году.

Я поддерживаю данную новеллу и призываю коллег также ее поддержать, поскольку введение единого платежа позволит субъектам микро- и малого бизнеса снизить текущую налоговую нагрузку с фонда оплаты труда с 35 процентов до 20 процентов. Единая ставка заменит громоздкую систему вычетов и корректировок и будет автоматически распределяться по фондам и в соответствующий бюджет.

Между тем у меня два вопроса.

Первый вопрос. Планирует ли Правительство распространить единый платеж с фонда оплаты труда, помимо субъектов микро- и малого предпринимательства, также и на другие категории налогоплательщиков?

Второй вопрос. Планируется ли в разрабатываемом новом Налоговом кодексе сокращение количества налогов и других обязательных платежей в бюджет?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ақмарал Шәріпбайқызы! По первому вопросу. Почему именно на микро- и малый бизнес? С одной стороны, мы решаем вопрос снижения налоговой нагрузки и упрощения исчисления нескольких видов налогов и платежей в одном платеже именно для микро- и малого бизнеса, потому что эти категории бизнеса обычно не имеют возможности содержать штат бухгалтеров, налоговиков, налоговых бухгалтеров и так далее. Индивидуальные предприниматели считают все сами. Это упрощается для них. Это первое.

Второе. Именно ИПН от данной категории бизнеса не составляет большой доли в поступлениях местного бюджета в целом, так как единые платежи, в целом нагрузка сокращается за счет именно ИПН, а не за счет социальных отчислений, потому что мы не можем начислять социальные отчисления, так как в будущем возникают обязательства. Если мы распространим то же самое на другие категории бизнеса, в частности на средний и крупный бизнес, тогда есть риск того, что местные бюджеты сильно потеряют в доходах именно по ИПН, потому что ИПН в доходах местных бюджетов составляет более трети доходов, а это порядка 1 триллиона из 3 триллионов тенге.

Мы будем смотреть именно после введения данной нормы на практическую реализацию и в дальнейшем в рамках разработки нового Налогового кодекса будем иметь это в виду.

Что касается второго вопроса, то задача по сокращению количества налогов не стоит. Все 11 видов налогов, которые сейчас у нас имеются, разработаны и применяются в соответствии с международными стандартами. Данную возможность мы также будем рассматривать при разработке нового Налогового кодекса.

Основная задача в новом Налоговом кодексе, как вижу ее я, – это упрощение исчисления и администрирования, повышение стабильности налогового законодательства, предсказуемости, чего у нас просят как отечественные, так и иностранные инвесторы, потому что именно с учетом стабильности, даже если где-то и будет повышение, снижение определенных ставок, самое главное, чтобы бизнес, особенно крупные инвесторы, мог видеть и мог закладывать в свои финансовые модели соответствующие расчеты. Для этого делается.

А что касается количества видов налогов, то это не основная задача у нас. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, Төраға.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Қаралып отырған заң жобасында экономика саласын ынталандыруға, оның ішінде импортталатын жоғары сұранысқа ие пестицидтер өндіруге

арналған химиялық заттар, шикі құрақ қанты, индустриялық қызметтер туралы өзгерістер қарастырылған.

Сонымен қатар мемлекеттік емес музейлер әкелетін өнер туындыларының импортын қосылған құн салығынан босату туралы толықтырулар енгізілген.

Осыған байланысты туындайтын келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

1. Неліктен біз тек өнер туындылары туралы айтып отырмыз? Өнер туындыларынан бөлек сирек қолжазбалар, құнды кітаптар, мұрағаттар, мұрағаттық қорлар және жинақтарды қамтитын жалпы мәдени құндылықтарымыз бар. Мұндай түзетудің қаншалықты қажеттілігі бар? Республикалық бюджеттің шартты шығыны қанша болмақ?

2. Түзету тек мемлекеттік емес музейлерге қатысты. Бұның себебі неде? Бізде театр, кітапхана, өнер галереялары, мәдени-тарихи орталықтар сияқты мәдениет ұйымдары бар. Көптеген шетелдерде жеке мұражайлардың өнер туындыларын әкеліп кіргізгені үшін салық төлеу тәртібі қарастырылған. Осындай халықаралық тәжірибелер зерделенді ме? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Біз қосымша құн салығы (НДС) бойынша жеңілдікті тек қана жеке мұражайларға беріп жатырмыз. Себебі жеке мұражайлар өте қымбат өнер туындыларын алып келеді, бірақ сатып алған кезде олар осы қосылған құн салығын төлейді. Ал мемлекеттік объектілер – мемлекеттік мұражайлар, тарихи орталықтар және тағы басқалары мұндай қымбат заттарды сатып алмайды, оған қаражат та бөлінбейді. Негізгі мақсатымыз – туризм саласын дамыту, қызығушылықты көтеру. Мысалы, Алматы қаласында немесе басқа да ірі қалаларда осындай жеке өнер мұражайлары ашылса, онда бұндай объектілерге тиісті мемлекеттік көлемді инвестициялар да керек болмайды, жеке инвесторлар осындай объектілерді салады, оның бәрін сатып алады. Жалпы, туризмді дамыту үшін және сыртқы бағалаушылардың қызығушылығын көтеру үшін осылардың бәрін істеп жатырмыз. Енді бюджеттік төлемдерге немесе түспейтін түсімдерге көшсек, жалпы олардың бәрі шартты шығындар, үш жылда 500 миллион теңгені құрайды. Бірақ олар шартты төлемдер. Жалпы біз оны қазір жоғалтпаймыз. Ал салалық синергиялық эффектіге қарасақ, әрине, ол дәл сол қалаға немесе аймаққа тиісті инвестициялар әкеледі және басқа да салалар дамиды деп жоспарлап отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру, инвестициялар тартуды

ынталандыру, бизнес-ортаны дамыту, салықтық әкімшілендіруді оңайлату, сондай-ақ салық салынатын базаны кеңейту мақсатында әзірленді.

Баяндамашы заң жобасының негізгі түзетулері туралы толық айтып өтті. Дегенмен енгізілген түзетулердің күтілетін нәтижесіне келсек, бұл Еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем, жалдамалы жұмыскерлерді көлеңкеден шығаруға және өз кезегінде бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қосылған құн салығын 70 пайызға азайту балық шаруашылығы субъектілеріне қаржылық жүктемені төмендетуге және кәсіпорындардың әлеуетін арттыруға, сондай-ақ өндіру көлемінің өсуіне байланысты бюджет түсімдерінің көлемін көбейтуге ықпал етеді.

Қант импортын қосылған құн салығынан босату және қант өндірушілерге жеңілдіктердің қолданылу мерзімін ұзарту ішкі нарықты қолжетімді бағадағы қантпен қамтамасыз етуді тұрақтандырады.

Электр желілерін өтеусіз алу бөлігінде теңгерімге қабылданатын электр желілеріне уақытылы қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, сондай-ақ иесіз электр желілерінің пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Пестицидтер өндірісі үшін шикізат импортын босату нәтижесінде қолданыстағы бағалар кемінде 12 пайызға төмендейді, сондай-ақ отандық өндірушілердің қуаттылықтарын жүктеуді жылына орта есеппен 20-30 пайызға ұлғайтады, бұл салық түсімдері мен жұмыс орындарын 20 пайызға көбейтуге мүмкіндік береді.

Күрделі мұнай-газ жобалары үшін салықтық жеңілдіктер беруден жалпы сомасы 28,9 миллиард АҚШ долларына инвестициялар тартылады. Бұдан бюджетке шамамен 17,2 триллион теңге мөлшерінде салық түсімдерінің түсуі және шамамен 20 мың адамды тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету күтіледі.

Электр тұрмыстық техникасын өндіру бойынша жеңілдіктер нарыққа қосымша инвесторларды тартып, жоғары мультипликативтік әсер береді, бұл өндірістік алаңдарды орналастыруды ұлғайтуға оң әсер етеді.

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген автомобильдерді заңдастыру мақсатында алғашқы тіркегені үшін бірыңғай алымның белгіленуі 300 мыңға жуық автокөлікті есепке қоюға жағдай жасайды, сондай-ақ осы автомобильдер бойынша көлік құралдарына салынатын салық жергілікті бюджетті толықтырады.

Тұтастай алғанда, аталған заң жобасы салық төлеушілерге, мемлекеттің мүдделеріне, сондай-ақ ел экономикасына оң әсерін тигізеді деп есептейміз.

Аталған заң жобасы жұмыс тобының, комитеттің және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңнаманың тұжырымдамасы бойынша ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер, осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! В Послании Президента страны народу Казахстана «Цифровизация Казахстана: новые горизонты роста» определены главные задачи развития нашей страны, которые включают в себя не только подъем экономики, но и цифровизацию производственных процессов, внедрение цифровых технологий в развитие ресурсной базы современного государства.

Рассматриваемым законопроектом вносятся поправки в Налоговый кодекс, в том числе направленные на цифровизацию и автоматизацию бизнес-процессов. Уже сегодня в рамках проводимой работы по цифровизации и автоматизации бизнес-процессов налогового администрирования Министерством финансов разрабатываются и внедряются различные проекты информационных систем.

На сегодняшний день функционируют 16 информационных систем, такие как «Астана-1», «Система управления рисками», «Единое окно», «Электронные счета-фактуры» и мобильные приложения «e-Salyk», «e-Salyk Business», «Wipon» и так далее, а также ведутся работы по интеграции баз данных с государственными органами, которые в целом создают благоприятные условия для бизнеса.

Настоящим законопроектом предлагается дальнейшее упрощение процедур. Так, предлагается вручать требования и извещения в веб-приложении «электронного правительства», которые в настоящее время вручаются нарочно либо направляются почтой.

Также предлагается дополнить контролем Государственной корпорации «Правительство для граждан» перечень проведения контроля за деятельностью уполномоченных органов в части налогового контроля, государственных пошлин и сбора за первичную государственную регистрацию.

Это позволит органам государственных доходов проводить контроль по вопросам правильности и своевременности перечисления платежей в бюджет, а также актуализировать достоверность и своевременность представленных сведений.

Таким образом, принятие норм законопроекта создаст более благоприятные условия для развития бизнеса, привлечения инвестиций, улучшения администрирования путем автоматизации процессов и упрощения процедур в целях получения качественных государственных услуг.

Құрметті әріптестер! Мен жоғарыда аталған заң жобасын толығымен қолдаймын, сонымен қатар әріптестерімді оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші

оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлына беріледі.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын ұсынамын.

Жобаның мақсаттары:

жолдағы көлік бақылауын автоматтандыру;

теңіз көлігі бойынша халықаралық шарттардың нормасын іске асыру;

теміржолдағы және кемелердегі оқиғаларды тергеу тәртібін жетілдіру;

еліміздің заңнамасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы мен Еуропалық одақтың авиациялық талаптарына сәйкес келтіру;

әуеайлақ аумағында қызмет көрсетуге рұқсат алу механизмін реттеу.

Сондай-ақ автомобиль арқылы жүктерді жоғары қарқындылықпен тасымалдау, жолдың мерзімінен бұрын бұзылуына жол бермеу бойынша шараларды қабылдауды талап етеді. Сондықтан осы бағытта іс-шараларды ұйымдастыру үшін жолдағы көліктердің салмағын өлшейтін автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату жоспарлануда. Станциялар ешбір адамның көмегінсіз «Сергек» секілді жұмыс істейтін болады.

Бұл шаралар автожолдардың сақталуын және жолдарда тексеру қызметін атқару кезінде адами факторларды болдырмауға мүмкіндік береді.

2021 жылдың 31 наурызында еліміз батып кеткен кемелерді алып тастау туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялады. Осыған сәйкес заң жобасында кеме иесінің суға батқан мүлікті көтеру жөніндегі өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру міндеті көзделген. Бұл нормалар Қазақстанға суға батқан кемелерді көтеру бойынша шығындарды өтеу талаптарын тікелей сақтандыру компанияларынан талап етуге мүмкіндік береді.

Бірқатар түзетулер теміржол және су көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Қазіргі кезде теміржолдағы апаттарды тергеуді көлік саласындағы уәкілетті орган, ал оқиғаларды тексеруді тасымалдау процесінің қатысушылары өздері жүргізеді. Бұл ретте адам өмірінің маңыздылығын ескере отырып, заң жобасында жолаушылар пойыздарының соқтығысуына әкеп соққан оқиғаларды тексеруді уәкілетті органға беру ұсынылады.

Бұдан басқа уәкілетті органға Каспий теңізінің аумағында, еліміздің туы астында жүзетін кемелердің апаттық жағдайларын тергеу бойынша құзырет беру қарастырылған.

Азаматтық авиация саласындағы заңнамаға мынадай өзгерістер енгізу ұсынылып отыр:

ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану процесін реттеу жөніндегі норманы енгізу, атап айтқанда, сертификаттау рәсімін енгізу, қашықтықтан сәйкестендіруге қойылатын талаптарды белгілеу және оларды пайдалану аймақтарын айқындау;

сондай-ақ «пилотсыз авиациялық жүйе» және «пилотсыз әуе кемесі» ұғымдары енгізіледі.

Заң жобасында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысына жүктелген міндеттерді орындау бойынша және авиация инспекторлары тарапынан өздерінің қызметтік міндеттерін тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктер қарастырылған.

Авиакомпанияларға әуе тасымалында шектеу қойылған адамдардың жеке тізілімін жүргізу бойынша норма енгізіліп отыр. Алайда азаматтар мұндай тізілімге тек ұшақ бортындағы құқық бұзушылықтары үшін және қылмыстық немесе әкімшілік кінәсі дәлелденген жағдайда ғана енгізіледі.

Халықаралық тәжірибені назарға ала отырып, заң жобасында «әділ мәдениет» ұғымын енгізу көзделген. Оның негізгі қағидаты азаматтық авиация саласындағы қасақана бұзушылықтарға төзбеушілік болып табылады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның:

мұздануға қарсы қорғау;

ұшуды жүзеге асыру кезінде құстар мен жабайы жануарлар тудыратын қауіптерді басқару;

пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану тәртіптерін айқындау құзыреттері қарастырылған.

Сонымен қатар заң жобасында әуесайлақ маңындағы аумақта қызметті жүзеге асыруға рұқсат алу бойынша және оны ИКАО стандарттарына сәйкес келтіру үшін Жер кодексіне өзгерістер енгізу көзделген.

Бұдан басқа заң жобасында халықаралық стандарттарға сәйкес ИКАО-ның кезекті аудитінен сәтті өтуге дайындалуға бағытталған өзекті түзетулер енгізіліп отыр.

Заң жобасы арқылы автомобиль жолдары саласында мынадай өзгерістер ұсынылып отыр. Мемлекеттік шекарада «электрондық кезек» автоматтандырылған жүйесін енгізу, яғни шетелдік көліктердің мемлекеттік шекарадан өтуі электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа заң жобасы:

мемлекеттік шекарада өткізу пункттерін салуды ұйымдастыру;

жол қызметі объектілерін ұлттық операторға сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі өкілеттігін беруді көздейді.

Сондай-ақ жол құрылысының кепілдік мерзімі кезеңінде авторлық және техникалық қадағалаудың ортақ жауапкершілігі ұсынылады.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін әсерлер:

азаматтық авиация қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігін арттыру;

азаматтық авиация субъектілері үшін ұшу қауіпсіздігінің кейбір аспектілерін нақтылау;

пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану процестерін реттеу;

көліктік бақылау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою;

жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін күшейту;

автожолдардың сақталуын арттыру, тасымалдаудың баламалы түрлерін дамыту;

әкімшілік кедергілерді азайту, қашықтықтан бақылау нысанына көшу;

суға батқан мүлікті көтеруді қамтамасыз ету және теңіз апаттарының салдарын жедел жою жөніндегі тетікті құру;

теміржол көлігіндегі апаттарды, сондай-ақ кемелердегі авариялық жағдайларды тергеудің тиімділігін арттыру.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Заң жобасына жолаушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жолаушыны межелі пунктке жеткізуді кешіктіргені үшін, егер мерзімін өткізіп

алудың еңсерілмейтін күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе тасымалдаушының мерзімі өткен әрбір сағат үшін тариф құнының 3 пайызы мөлшерінде айыппұл төлеу бойынша міндеті көзделген норма енгізілуде.

Қазіргі уақытта рейстердің белгіленген уақытынан кешігіп ұшуы немесе мүлдем ұшпай қалуы, ұшақ бортында орындардың сатылған билеттер санына сәйкес келмеуі жиі орын алып отырады және жолаушылар тарапынан бұл жағдайлар көп наразылықтардың туындауына әкеп соғады. Бәріміз білеміз, әр жолаушы сапарға шыққанда өзінің уақытын, шаруаларын алдын ала жоспарлап қояды.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Ұшақ белгіленген уақытынан кешігіп ұшқан немесе мүлдем ұшпай қалған жағдайда әуе компаниясының жолаушыларға айыппұл төлеу тәртібі қандай?

Екінші. Жоғарыда айтылған жағдайлар жүйелі түрде қайталанған кезде әуе компаниясына қандай шаралар қолданылады? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Сұлтан Мырзабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Ұшақ кешіккен кезде жолаушыларға қандай қызмет көрсетілетіні заңда көзделген. Біріншіден, ана мен балаларға арналған бөлмені ұйымдастыру, екіншіден, кешігу екі сағаттан асса сусындар беру, үшіншіден, кешігу төрт сағаттан асса ыстық тамақ беру, төртіншіден, егер түнде кешігу алты сағаттан асса, күндіз сегіз сағаттан асса, онда қонақ үйлерге орналастыру ұйымдастырылады. Қонақ үйлерге жеткізу де әуе компанияларының міндеті.

Заңға қосымша өзгеріс енгізіліп отыр. Егер әуе компаниясының кінәсінен ұшақ уақытында ұшпаса, онда әр сағатына билет ақысының 3 пайызы қайтарылу керек. Ол үшін әуе компаниясына арыз жазу керек, әуе компаниясы ол арызды орындамаса, онда бұл мәселе сот арқылы шешіледі.

Мемлекет тарапынан ондай бұзушылықтарға айыппұл салынады. Бірінші рет 200 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынады, ал екінші рет қайталанса, онда 1 мың айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынады.

Өздеріңіз білесіздер, әсіресе шілде айында ондай жағдайлар көбейіп кеткен болатын. Сол бір-екі айдың ішінде «Эйр Астана» компаниясының өзіне сондай жеті айыппұл салынды. 1 мың айлық есептік көрсеткіш – 3,5 миллион теңге. Бірақ журналистер де, басқалары да бұндай әуе компаниясы үшін ол үлкен ақша емес дегенді айтқан болатын. Бірақ мемлекеттік орган ол жұмысты тоқтатпайды. Егер ондай бұзушылықтар қайталана берсе біз қайта-қайта айыппұл саламыз, қажет болса, жеті емес, жетпіс айыппұл салуға дайынбыз, оны әуе компаниялары уақытылы орындауы тиіс.

Бірақ әділетін айту керек, ондай жағдайлар жалғыз бізде ғана емес, бүкіл әлемде де болады. Сараптама көрсеткендей, біздің елде 80 пайыз уақытымен ұшады, ал Еуроодақта 77 пайыз, Америкада 76 пайыз уақытымен ұшады екен. Бірақ біз оған қарап жатқан жоқпыз, бір тәртіпке келсін деп заңдарды қатайтып жатырмыз. Сіздерге рақмет, бізді қолдап жатырсыздар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, менің сұрақтарым Энергетика министрлігіне.

Қаралып отырған заң жобасында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттарды саралауға, оның ішінде күрделі жобалар ұғымы енгізіліп, геологиялық ерекшеліктеріне байланысты олардың өлшемшарттарының айқындалуы көзделген. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Мұндай келісімшарттарды жеке санатқа бөлу қажеттілігі неде? Бүгінгі күні осы салада осы іспеттес келісімшарттар бар ма және олардың реттелуі қалай болады? Осындай жобалардың біздің мемлекетіміз үшін әлеуеті қаншалықты?

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Хасенов Асхат Ғалымұлы, жауап беріңіз.

ХАСЕНОВ А.Ғ. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар!

Ұсынылып жатқан заң жобасының не үшін қабылданатыны жөніндегі сұраққа келсек, заң жобасы геологиялық барлау жұмыстарын жетілдіру үшін инвестиция тартуға, минералдық ресурстар базасын толықтыруға, ұлғайтуға бағытталған.

Инвестициялық әлеует бойынша айтсақ, осы заң жобасы аясында қазір инвестициялық әлеует сегіз жоба бойынша 29 миллиард АҚШ долларын құрап отыр.

Жеке санатқа бөлу бойынша айтсақ, геологиялық барлау жұмыстарының күрделі болуына байланысты оларды одан әрі игеру де көп қаражатты қажет етеді. Сол себепті бұларға біз арнайы преференциялар көздеп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Қайырбек Айтбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Разработчик подробно доложил об основных новеллах рассматриваемого законопроекта.

В части развития сфер транспорта и автомобильных дорог предусматривается внедрение автоматизированных станций измерения, в сферах гражданской авиации и водного транспорта – гармонизация национального законодательства с международными договорами и стандартами.

Особо хотел бы остановиться на поправках в Кодекс «О недрах и недропользовании», предусматривающих внедрение улучшенного модельного контракта, разработанного для привлечения инвестиций в нефтегазовую отрасль.

УМК представляет собой пакет регуляторных и фискальных преференций для недропользователей по сложным проектам, а именно – морским, газовым и сложным проектам на суше.

Критерии сложных проектов и регуляторные преференции закреплены в рассматриваемом законопроекте. Фискальные преференции отражены в проекте закона о внесении изменений и дополнений в Налоговый кодекс, который рассматривался сегодня.

В Казахстане за последние годы не было открыто крупных месторождений нефти и газа, причиной чему служит недостаточный уровень геологоразведки ввиду отсутствия инвестирования. В этой связи есть необходимость принятия мер по стимулированию разведки и разработки сложных проектов.

В то же время хотел бы отметить, что существует ряд проблемных вопросов, решение которых не отражено в рассматриваемом законопроекте.

В рамках законопроекта предусматривается, что по проектам УМК для недропользователей установлено обязательство по поставке нефти на внутренний рынок по проектам на суше в размере не более 25 процентов от общего объема добытой нефти. Данная норма допускает недропользователям возможность ограничения поставки нефти на внутренний рынок, так как установлен верхний предел 25 процентов.

В целях защиты развития отечественного нефтеперерабатывающего сектора и обеспечения потребностей внутреннего рынка считаем актуальным в будущем усилить обязательства для недропользователей по поставке части добытой нефти на рынок Казахстана.

Кроме того, определенные вопросы у депутатов вызвали следующие нормы по:

передаче в компетенцию местных исполнительных органов функций по установке и обеспечению функционирования автоматизированных станций измерения на автомобильных дорогах общего пользования областного значения;

введению инфраструктурного сбора, взимаемого с авиакомпаний эксплуатантами аэропортов;

временной балансирующей плате в рамках Закона «О железнодорожном транспорте».

Все проблемные вопросы будут рассмотрены ко второму чтению законопроекта.

Уважаемые коллеги, постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по концепции проекта закона не имеют.

С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с пунктом 58 Регламента Сената рекомендует одобрить в первом чтении рассматриваемый проект закона Республики Казахстан, одобренный Мажилисом Парламента. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы өз сөзінде енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың барлық аспектілерін толық көлемде баяндады.

Заң жобасының нормалары азаматтық авиация, автомобиль жолдары, теңіз және теміржол көлігі саласындағы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті

ұйымдастыру тетігін жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, заң жобасын қабылдау пилотсыз әуе кемелерін пайдалануға, теміржол көлігіндегі аварияларды тергеуге, батып кеткен кемелерді жоюға, көмірсутектер бойынша күрделі жобаларға инвестициялар тартуға және тағы да басқа осыған байланысты қатынастарды реттеуге және құқықтық олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Мен жоғарыда аталған заң жобасын қолдаймын, сонымен қатар сіздерді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Проект закона в первом чтении концептуально я поддерживаю. В то же время хотел дополнить коллегу по статье 130 законопроекта, которая предусматривает, что по проектам улучшенного модельного контракта для сложных проектов для недропользователей установлены обязательства по поставке нефти на внутренний рынок по проектам на суше в размере не более 25 процентов. Коллега озвучил проблему.

Для решения этой проблемы нами было предложено установить соотношение не менее 25 процентов на внутренний рынок, однако было получено отрицательное заключение Правительства. Я не согласен с выводами и обоснованием Правительства.

Из материалов следует, что данная норма была предложена Ассоциацией «Казахстанский Совет иностранных инвесторов».

Нынешнее состояние отрасли (к примеру, нехватка битума в объеме 100 тысяч тонн, авиационного керосина – 400 тысяч тонн) позволяет сказать о том, что вышеназванная ассоциация, образованная в 1998 году, за период своей деятельности не проявила заинтересованности в решении вопроса по обеспечению внутреннего рынка сырьем и его дальнейшей переработке.

Кроме этого, в 2021 году произведено 300 тысяч тонн необработанного цинка, а экспортировано 266 тысяч тонн, то есть 88 процентов. Экспорт необработанного свинца составил 78 процентов, феррохрома – 82 процента, катодной меди – 98 процентов, первичного алюминия – 87 процентов.

В 2021 году произведено 3 миллиона тонн плоского проката, объем импорта легированной и коррозионностойкой стали составил 209 миллионов долларов США.

То есть была выстроена модель экономики, ориентированная на привлечение инвестиций с целью вывоза сырья. Отсюда можно сделать вывод, что данный формат работы с инвесторами не в полной мере защищает интересы нашей экономики.

В целях защиты интересов государства и выполнения поручений Главы государства предлагается на базе Комитета по инвестициям образовать Агентство по инвестициям с непосредственным подчинением Главе государства.

Нам нужны новые подходы по работе с инвесторами. Задача агентства будет заключаться в поиске инвесторов, готовых вести разведку, добычу и переработку сырья, с учетом потребностей нашей экономики, с последующим экспортом готовой продукции.

И, пожалуй, самое главное – это позволит перейти от вывозной модели экономики к производству высокотехнологичной экспортоориентированной продукции, что значительно улучшит структуру платежного баланса. Мы будем больше зарабатывать, чем вывозить. Это, в свою очередь, будет способствовать стабилизации курса национальной валюты. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып жатқан заң жобасы бойынша еліміздегі авиациялық қауіпсіздіктің кейбір аспектілеріне толығырақ тоқталғым келеді. Бұл өте күрделі және маңызды мәселе деп есептеймін.

Несмотря на доказанную и поддержанную Комитетом по международным отношениям, обороне и безопасности Сената Парламента позицию о необходимости передачи государственных функций по расследованию авиационных происшествий и инцидентов в гражданской авиации в ведение Министерства по чрезвычайным ситуациям, что соответствует стандартам и рекомендуемой практике Международной организации гражданской авиации (ИКАО) и является одной из важных составляющих частей безопасности полетов, этот вопрос так и остался без понимания со стороны Министерства индустрии и инфраструктурного развития и Правительства.

Сегодня этот вопрос возложен на Министерство индустрии и инфраструктурного развития, в частности на Управление по расследованию авиационных происшествий и инцидентов (УРАПИ). Однако в ведении этого же министерства находится Комитет гражданской авиации и так называемая «Авиационная администрация Казахстана», осуществляющие сертификацию, контроль и надзор над безопасностью полетов в гражданской авиации. То есть один и тот же государственный орган сам сертифицирует, сам контролирует, надзирает и сам же у себя расследует. И здесь Правительство не видит прямого конфликта интересов. Чем это чревато?

Первое. Это прямо противоречит стандартам и рекомендуемой практике Международной организации гражданской авиации. Об этом я не раз говорил и направлял депутатские запросы в адрес Правительства.

Второе. В деятельности Министерства индустрии и инфраструктурного развития, помимо возникновения прямого конфликта интересов, страдают независимость, объективность, беспристрастность и полнота расследований авиационных происшествий и инцидентов, то есть катастроф. Примеров тому много.

Третье. Мною в рамках законопроекта предлагалось передать функции расследования авиационных происшествий в Министерство по чрезвычайным ситуациям (это вообще его функции) либо, как ранее предлагалось в депутатском запросе, в Международный авиационный комитет стран СНГ, имеющий в своем составе

авторитетных специалистов и экспертов в этой области, как это сделано во многих странах ОДКБ.

Хочу отметить, что свое замечание я снял не потому, что Правительство подготовило отрицательное заключение, а потому что твердо убежден, что Правительству необходимо тщательно проработать этот вопрос и вернуться к нему в самое ближайшее время, так как на сегодня узковедомственные интересы взяли верх над здоровой логикой, соответствием стандартам и рекомендуемой практике ИКАО, членом которой является Республика Казахстан, следование которым красной нитью закреплено в Законе нашей страны от 15 июля 2010 года № 339 «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации».

От решения данного вопроса зависит безопасность полетов, в конечном итоге – жизнь и здоровье наших, да и не только наших граждан.

Қорытындылай келе қаралып жатқан заң жобасын қолдаймын, бірақ алдағы уақытта Үкімет тарапынан менің ұсыныстарымды қарап, зерттеуді жөн деп санаймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Законопроект направлен на совершенствование законодательной базы в сфере транспорта и недропользования.

В сфере транспорта предусмотрено внедрение автоматизированных станций измерения на автодорогах, которые будут способствовать увеличению поступлений и сборов с грузового транспорта. В то же время это положительно скажется на сохранности автодорог. Это немаловажный для нас фактор, так как доля автодорог, находящихся в удовлетворительном состоянии, в некоторых регионах страны весьма низкая, и это является большой проблемой.

Расширение полномочий в расследовании аварий железнодорожных подвижных составов, а также аварийных случаев с казахстанскими судами в Каспийском море положительно отразится на безопасности пассажиров и грузов.

Устанавливается обязанность судовладельца по страхованию своей гражданско-правовой ответственности по подъему затонувшего имущества. Таким образом, Казахстан сможет возмещать расходы по подъему затонувших судов со страховых компаний. Данная норма снижает риски незапланированных расходов государственного бюджета.

Законопроект регламентирует процесс использования беспилотных летательных аппаратов. Сейчас, когда по всему миру, в том числе и в Казахстане, получает широкое применение беспилотная авиация, установление соответствующих регламентов является весьма своевременным и актуальным.

Кроме того, внедряются основанные на мировом опыте нормы, направленные на повышение безопасности авиаполетов.

Еще одной из важных новелл законопроекта является внедрение улучшенного модельного контракта для сложных проектов в сфере недропользования. В настоящее

время отмечается завершение эры легкой нефти. Это происходит на фоне недостаточного уровня развития отечественной геологоразведки. Улучшенный модельный контракт направлен на привлечение новых инвесторов в сфере недропользования путем предоставления им регуляторных и фискальных преференций.

Следует отметить, что улучшенные модельные контракты будут применяться только по определенным месторождениям и в отношении только новых инвесторов. Предоставляемые фискальные преференции повлекут только условные потери бюджета, которые за период с 2023 года по 2052 год составят 7,1 триллиона тенге. Но при этом ожидается привлечение инвестиций на общую сумму около 29 миллиардов долларов США, что обеспечит налоговые поступления в бюджет в размере 17 триллионов тенге.

Считаю, что все предлагаемые законопроектом поправки актуальны, направлены на развитие очень важных для Казахстана отраслей экономики, таких как транспорт и недропользование. Поэтому я поддерживаю и призываю коллег поддержать данный законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қарастырылып отырған заң жобасын екінші оқылымда қарауды күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру, сондай-ақ Үкіметтің 2022 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң жобасында:

еңбекақы төлеу қорына жүктемені азайту және бірыңғай төлеммен төлеу;

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген автомобильдерді жария ету мақсатында бірыңғай алым белгілеу;

өндірісті дамытуды ынталандыру үшін қосылған күн салығын 70 пайызға төмендету;

сондай-ақ тұрғын үй қатынастары, көлік жүйесі, жеке тұлғалардың төлемдері және экономиканың басқа да секторларында салық салу жөніндегі нормаларды қарау және тағы басқалары көзделген.

Заң жобасының күтілетін нәтижесі – бизнестің жаңа субъектілері үшін қолайлы бизнес-ортаны және инвестициялық ахуалды қалыптастыру. Тұтастай алғанда, салық төлеушілер мен мемлекеттің мүдделеріне оң әсері тиеді.

Заң жобасы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң салық жүйесінің одан әрі табысты жұмыс істеуіне арналған. Енгізілген түзетулер инвестиция тартуға және бизнес-ортаны дамытуға қосымша құқықтық жағдай қалыптастырады. Атап айтқанда, жекелеген салаларда қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктер беру арқылы өндірістің өсуін ынталандырады.

Заң еңбекақы қорына жүктемені азайтуға да мүмкіндік береді. Бұл – Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруға арналған шара. Алдағы уақытта бұл заң халыққа және бизнеске көрсетілетін қызметтердің сапасы мен деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау туралы.

Сөз сенатор Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Законопроектом вносятся поправки в 7 кодексов и 19 законов Республики Казахстан.

В ходе рассмотрения законопроекта депутатами Сената внесены поправки в статью 2 в части переноса сроков введения в действие следующих норм по:

передаче в компетенцию местных исполнительных органов функций по установке и обеспечению функционирования автоматизированных станций измерения;

введению инфраструктурного сбора за пользование объектами инфраструктуры, оборудованием и техническими средствами аэропортов;

временной балансирующей плате в сфере железнодорожного транспорта.

Все замечания и предложения сведены в сравнительную таблицу.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с пунктом 5 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует направить в Мажилис Парламента изменения в проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам транспорта и недропользования». Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз. Кестеге үш түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Бар.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Наш запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову Алихану Асхановичу и касается проблем реконструкции автомобильных дорог.

«Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем Послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года подчеркнул, что в нынешней геополитической ситуации Казахстан является важным сухопутным коридором между Азией и Европой и должен стать транспортным узлом мирового значения.

В целях увеличения транспортных маршрутов до 2025 года планируется привлечь 20 миллиардов долларов инвестиций.

В настоящее время сеть автодорог общего пользования составляет 96 тысяч километров, в том числе 5 автомагистралей международного значения общей протяженностью 23 тысячи километров, из которых 11 тысяч километров нуждаются в ремонте.

Следует отметить, что Правительством проводится значительная работа в данном вопросе.

Вместе с тем проведенный депутатами Парламента анализ состояния дорог указывает на неполное соответствие требованиям и стандартам в этой отрасли. Показательным примером в данном контексте является автодорога «Алматы – Екатеринбург», в частности ее отрезок «Караганда – Балхаш», на неудовлетворительные темпы строительства которого обращал внимание Глава государства. Непосредственное ознакомление на месте с ходом строительных работ и анализ представленной информации вызывают ряд вопросов.

Как известно, с момента начала строительства дороги и утверждения проектно-сметной документации было потеряно два года, что привело к неэффективному использованию заемных средств и систематическим срывам графика производственных работ. Данный фактор, а также последующий резкий рост цен на дорожно-строительные материалы привели, по предварительным расчетам, к удорожанию стоимости строительных работ на 128 миллиардов тенге.

Приведем некоторые примеры. В 2019 году устройство нижнего слоя основания дороги было выполнено лишь на 1,3 процента, верхнего слоя основания дороги – на 1 процент, нижнего слоя покрытия дороги – на 1 процент, привлечено 1798 человек и 998 единиц дорожно-строительной техники. В 2020 году эти показатели составили 20 процентов и 25 процентов соответственно, привлечено 2165 человек и 1042 единицы техники.

Обращает на себя внимание значительная диспропорция выполненного объема работы с количеством привлеченной рабочей силы и техники в указанные периоды.

Особую озабоченность вызывает качество строительства дорог. По официальным данным, с 2022 года осуществляется проезд по нижнему слою покрытия дороги общей протяженностью 281 километр. Вместе с тем длительная эксплуатация дороги без верхнего слоя согласно существующим нормам ГОСТа и общепринятым стандартам не разрешается. Данная трасса интенсивно эксплуатируется в то же время большегрузным автотранспортом в весеннюю и осеннюю распутицу, что чревато не только просадкой и колеиностью, но и потерей всего дорожного полотна в дальнейшем.

На сегодняшний день верхний слой покрытия дорожного полотна уложен только на 9,8 километра. Этот же показатель обозначен и по итогам предыдущего 2021 года, что свидетельствует о том, что в текущем году эти работы практически не производились. Очевидно, что помимо технической стороны из существующих проблем, имеет место недостаточное финансирование, и этот вопрос необходимо решить.

Вызывают вопросы и сроки завершения работы в 2023 году. На сегодняшний день на рассматриваемом объекте заготовлено щебня менее чем на 10 процентов, битума – менее чем на 40 процентов от потребности.

Также предстоит изготовить дорожные знаки, барьерные ограждения, снегозащитные заборы, георешетки, контракты на изготовление которых до сих пор не заключены.

Вышеизложенное требует всесторонней оценки и принятия комплексных мер для обеспечения реализации государственной программы, а также своевременного возврата внешнего займа.

В связи с вышеизложенным просим дать ответы на следующие вопросы.

1. Какова ситуация с финансированием проекта, в том числе с обслуживанием заемных средств?

2. Почему допущены срыв запланированного алгоритма работы и нарушение технологии строительства?

3. Будет ли корректировка проекта, или планируются другие пути решения данного вопроса?

4. Какова оценка Правительства реального срока завершения работы?

С уважением, депутаты Сената Шакиров, Адильбеков, Ершов, Шайдаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Елімізде соңғы үш жылда 2,5 есе өскен ана өлімі депутаттарды алаңдатып қана қоймай, біз бірнеше рет осы мәселеге байланысты өз ұсыныстарымызды берген болатынбыз.

Мемлекет басшысы да Үкіметтің кеңейтілген отырысында ана өлімінің өсуіне аса мән берген болатын.

Бүгінгі күні еліміздің тоғыз өңірінде жоғары қауіп дәрежесі бар болашақ аналарға көмек беретін Денсаулық сақтау министрлігіне бағынатын республикалық ең жоғарғы – төртінші деңгейлі «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы жұмыс атқарады.

Өкінішке қарай, 2020 жылға дейін ана өлімі тіркелмеген орталықта соңғы үш жылда жеті ана өлімі тіркеліп отыр, ал биылдың өзінде үш ана өлімі орын алып отыр. Жалпы, соңғы жылдары орталықта асқынуден босану жағдайлары 50 пайызға өскен.

Ағымдағы жылдың 17 қазанында Алматы қаласына іссапарым аясында орталықтың жұмыс барысымен таныстым. Қазіргі таңда мекеменің жағдайы өте мүшкіл, қиын. Атап айтатын болсақ, 1975 жылғы салынған медициналық қызметке басынан бейімделмеген ғимараттың бес корпусының біреуі ғана 12 жыл бұрын күрделі жөндеуден өткен, ал қалғандарына мүлдем күрделі жөндеу жүргізілмеген.

Вентиляция және медициналық газбен жабдықтау жүйесі жоқ. Кәріз, жылыту және құбыр жүйелерінің толық тозығы жеткен.

Орталықтағы негізгі медициналық құрал-жабдықтардың тозуы 71 пайызды құрап отыр, ал жалпы құрал-жабдықтардың 40 пайызының тозуы 100 пайызға жеткен.

Мысалы сәулелі жылуы бар 18 үстелдің 5-і жұмыс істемейді, 18 кювездің тек 8-і жұмыс істеуге жарамды. 2008 жылы сатып алынған лапароскопиялық тіректер физикалық және моральдық тұрғыда тозған. Ультрадыбыстық аппарат пен дефибрилляторлар жеткіліксіз. Функционалдық керуеттер уақыт талабына сай емес.

Бүгінгі таңда босану қызметіне төленетін тарифтер осы орталықта күрделі деңгейде көрсетілетін қызметтерді ескермейді және басқа медициналық ұйымдармен бірдей деңгейде қалыптасып отыр. Емдеуге кеткен нақты шығындарды жабуға мүмкіндік бермей отыр.

Орталықтың негізгі міндеттерінің бірі ғылыми зерттеулерді, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды үйлестіру, клиникалық хаттамаларды әзірлеу мен жаңарту болып табылады. Алайда бұл жұмыстар үшін қаржыландыру қарастырылмай отыр.

Академиялық және инновациялық коэффициенттер бойынша төлемдер жоқ.

Одан басқа осындай деңгейге құлдырауына орталықтың меншік нысанының 2018 жылы акционерлік қоғам болып өзгеруі және осыған байланысты мемлекеттік көздерден қаржыландыру, қажетті медициналық құрал-жабдықтар алу мен оларды жаңарту, орталық қызметкерлерін мемлекет қаражаты есебінен оқыту мүмкіндігінен айыру себеп болуда.

Одан бөлек негізгі капитал көлемі өспесе де орталыққа салынатын салық мөлшерлемелері мен айыппұлдар көлемі артып отыр.

Аталған өзекті мәселелер орталықтың жағдайын қиындатып, ауыр психоэмоционалдық жағдайда жұмыс жасап жатқан білікті мамандардың кетуіне, ал ол өз кезегінде сапалы әрі білікті көмек көрсету деңгейінің төмендеуіне алып келді.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мәселенің кезек күттірмейтінін ескеріп, Үкімет резервінен орталықтың шұғыл қажеттіліктеріне қосымша қаражат бөлуді сұраймын. Тиісті есептер қосымша жолданады.

Сонымен қатар мұндай жағдай бүгінде Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 2018 жылы ведомстволық бағыныстылығына берілген медициналық ұйымдар – ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғамға өзгерген Педиатрия және балалар хирургиясы, Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия ғылыми орталығы, Кардиология және ішкі аурулар, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институттарында орын алып отыр. Осы медициналық ұйымдардың жабдықтарының тозу деңгейі 30 пайыздан 85 пайызға дейін жетіп отыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы, осыған орай осы орталықтардың атқаратын қызметтерінің ел, халық үшін маңыздылығын ескере отырып, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктеріне жоғарыда аталған ғылыми орталықтар мен институттардың инфрақұрылымдарын жаңарту және оларды өз деңгейінде қаржыландыру мәселелерін шешуге бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын бірігіп қабылдауды тапсыруыңызды сұраймын.

Құрметпен депутат А. Әлназарова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Менің депутаттық сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 3 мамырдағы №887 Жарлығына сәйкес Ұлытау облысы құрылды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін өңірді дамытудың 2023 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды.

Қазіргі таңда Ұлытау облысында апатты және ескірген тұрғын үйлердің ахуалы аса маңызды мәселе болып отыр. Мәселен, облыс орталығындағы тұрғын үйлердің 33 пайызы ескіріп, көпшілігі апатты жағдайда тұр. Атап айтқанда, Жезқазған қаласында 657 үйдің әрбір бесінші үйі ескірген, ал 137 ескі үйдің 34-і апатты деп танылды, оның 8-і күрделі жөндеуді қажет етеді және 26-сы бұзылуға жатады.

Осыған орай 2020 жылы апатты жағдайдағы 9 үйді көшіру жұмыстары жүзеге асты, оның ішінде 8 үй толығымен көшіріліп, демонтаждалды. Ал 2021 жылы 25 апатты үйді көшіру жұмыстары басталған болатын.

Сондай-ақ Сәтбаев қаласы бойынша барлығы 610 көппәтерлі тұрғын үй бар болса, оның 243 үйі ескі үйлердің қатарында. Техникалық тексеру нәтижелері бойынша 20 апатты үй және 6 тұрғын үйдің тірек конструкцияларының ескіргендігі анықталды.

Жергілікті атқарушы орган өз кезегінде жаңарту бағдарламасын қабылдады. Алайда бұл бағдарлама тұрғын үйді сатып алуға дайын инвесторлардың болмауына байланысты жұмыс істемей тұр. Аталған мәселені шешудің жолы төтенше жағдай жарияланған кезде апатты үйлердің тұрғындарына өтемақы төлеу болып табылады. Бірақ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ғимарат құлаған немесе қайта жаңғыртылған кезде ғана төтенше жағдайды хабарлауды ұсынып отыр. Алайда ғимараттың құлау фактілерінің болмауына қарамастан, ескірген тұрғын үйлердің кез келген уақытта үлкен апатты жағдайға алып келу қаупі жоғары екендігін ескеру қажет, себебі тиісті шаралар дер кезінде қабылданбаса, төтенше жағдай орын алуы әбден мүмкін.

Осыған байланысты сізге келесі ұсыныстарды жолдай отырып, өңірдің маңызды мәселесіне ерекше назар аударуыңызды сұраймын.

1. Төтенше жағдай жарияланбастан апатты деп танылған үйлердің тұрғындарына өтемақы төлеуге мүмкіндік беретін жолдарды жан-жақты қарастыру.

2. Жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарына коммуналдық тұрғын үйді бірінші кезекте беру және оны жекешелендіру құқығының берілуін қамтамасыз ету.

3. Кешенді шаралар қабылдаумен қатар қажет болған жағдайда тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу және нақты жұмыс жасайтын тетіктер дайындау.

4. Қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға сәйкес әр үйде меншік иелерінің бірлестігін немесе қарапайым серіктестікті құру қажет. Ал бұл жағдай тұрғындардың жарнасын көбейтуге әкеп соқтыратын банктік есеп жүргізуді талап етеді.

Осыған байланысты ескірген және апатты деп танылған тұрғын үйлердің қауіпті жағдайда екендігін ескере отырып, тұрғындарды көшіру және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша мәселелерді кешенді түрде шешу қажеттігі туындап отыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сізден депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын.

Депутат С. Медебаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 24 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БАҚТИЯРҰЛЫ М. 3

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. 5

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 6

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ
қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕКЕНОВ Н.Ж. 9

ТРУМОВ С.Ө. 10

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын

пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам транспорта и недропользования», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қ.А. ӨСКЕНБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан УСКЕНБАЕВА К.А. 10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. 12

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 14

ХАСЕНОВ А.Ғ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан 14

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛУҚПАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е. 14

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

СҰЛТАНОВ Е.Х. 15

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. 16

МҰСАБАЕВ Т.А. 17

КАРПЛЮК С.А. 18

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. 19

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 20

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам транспорта и недропользования» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛУҚПАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е. 21

Депутат Д.З. ӘДІЛБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АДИБЕКОВА Д.З. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 22

Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 24

Депутат С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МЕДЕБАЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 25

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

Стенографиялау қызметінің басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева